**Kazakistan Cumhuriyeti Cumhurbaşkanı Nazarbayev'in "Beş Sosyal Girişim Projesi" kapsamında, Kazakistan Meclis Milletvekili Nurlan Dulatbekov ve Güney Kazakistan Eyaleti Milletvekili Ali Bektayev ile beraberindeki heyet, 2 Nisan Pazartesi günü Ahmet Yesevi Üniversitesi personeli ve öğrencileriyle bir araya geldi.**

Söz konusu ziyaret ile ilgili bir konuşma yapan Üniversite Rektörü Prof. Dr. Valihan Abdibekov, yönetimin halkın arz ve talepleri ile ilgi verileri yerinde öğrenmesi açısından ziyaretin önemini anlattı. Türkistan Valisi Tajibek Mussayev ise Şehrin başarıları ve planları hakkında bilgi vererek çalışmalar hakkında değerlendirmede bulundu.

Üniversite Rektörü Prof. Dr. Valihan Abdibekov, Üniversitenin akademik ve idari çalışmaları ilgili yaptığı konuşmada, bilimsel faaliyetlerde ve uluslar arası standart uygulamalarda kalite yönetiminin çok hızlı geliştiğini, bu gelişmenin uluslararası akademik kuruluşların kalitesi ile birleştirilmek istendiğini, uluslararası akademik işbirliği ve entegrasyonun Üniversite'nin öncelikli hedefleri arasında yer aldığını vurguladı.

Ahmet Yesevi Üniversitesi'nin büyük başarılarından bahseden Vailhanov; "2017 yılında, Eğitimde Kalite Güvencesi Ajansı- (IQAA) tarafından yürütülen araştırmada, Ahmet Yesevi Üniversitesinin, en iyi üniversiteler sıralamasında 21 üniversitesinden 49.31 puan alarak ilk 8. sırada yer aldığını, Kazakistan IAAR (akreditasyon ve derecelendirme kuruluşu) sıralamasında ise 50 üniversite arasında, 7. sırada yer alarak büyük bir başarı gösterdiğini vurguladı.

Devletin kalkınma plan ve programlarını açıklayan milletvekilleri ise sosyal inisiyatiflerin önemini vurguladı. Milletvekilleri; burada yapılan bilgi alışverişi ile tüm sorunları dikkatlice dinlediklerini, Üniversitenin taleplerini Hükümet'e ulaştırdıklarını ve bölge ile ilgili Üniversite'nin beklentilerini esas alarak gerekli çalışmaları yapabileceklerini belirttiler.

Kazakistan Parlamentosu Milletvekilleri; 2018-2019 eğitim öğretim yılı içerisinde öğrencilerin yurtlarının iyileştirilmesi ve donanım kalitesinin artırılması programı başlatılacağını ve burslu (grant) eğitimin sayısının da artırılacağını bildirdiler.

Milletvekilleri, Üniversitenin sorunlarını gidermek ve Üniversiteye yeterlilik kazandırmak için desteklerini sürdüreceklerini dile getirdiler.

# ӘЛЕУМЕТ

* ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ

## БҮКІЛ КАМПУСТА – ЖАЛҒЫЗ ЖЕДЕЛСАТЫ

Қазақстанда жеделсатының жарамдылығын реттейтін 50 компания бар, оның 10-ы ғана талапқа сай жұмыс істейтін көрінеді. Ал, Түркістанда мұндай қызмет түрі мүлдем қарастырылмаған.

Сондықтан қала көлеміндегі бірді-екілі жеделсатылар жиі істен шығып жатады. Мәселен, қаланың шығыс бөлігіндегі тоғыз қабатты үйлердің жеделсатылары әлі күнге іске қосылмаса, университеттегі он екі жеделсатыдан біреуі ғана ты тұлғалардан сұрағанымызда, «лифттердің қосалқы бөлшектері, біріншіден, өте қымбет, екіншіден елімізден табу қиын, шетелден алдыру керек» деп жауап берді.

Әзірге салмағы ауыр, демікпесі бар адамдарға баспалдақпен жоғары көтерілу қиындау болып тұр. Тыныстары жиілеп, әр қабатқа он тоқтап, он көтеріліп жатқандарын байқайсың. «Тым болмаса, сол жалғыз лифтінің жұмыс режимін таңғы сабаққа




жұмыс істеп тұр.

Жуырда Елбасы елордадағы жеделсаты мәселесіне тоқтала келіп, қала әкіміне жағдайды реттеуге тапсырма берген болатын. «Адамдар лифтіні күн сайын пайдаланады. Ол жерде тәртіп болуы керек. Тұрғындар оны пайдалануға қорықпайтындай болуы қажет» деді. Бұған соңғы кезде Астанада төрт бірдей жеделсатының құлауы, Ақтөбедегі адам өліміне әкеліп соққан оқиға себеп болса керек.

Біздегі жалғыз жеделсатының өзі де дембіл-дембіл істен шығып, іште адамдардың қамалып қалатын сәттері жиі орын алады. Мұндайда денеңді үрей билейтіні рас. Мұның себебін жеделсатыға жауапыңғайласа ғой, – дейді кейде әбден қалжырағанда оқытушылар. – Қазір лифтінің жұмыс істеу уақыты 8.30 – 17.30 деп көрсетілген. Негізі 8.00 – 17.00 етіп өзгертілсе, нұр үстіне нұр болар еді. Әрі бірінші сабақтан кешікпес едік».

Айтса айтқандай-ақ, «өлеңді бастау оңай, тастау қиын» дегендей, «сатымен шығу қиын, түсу оңай» емес пе?..

***P.S. Бет қатталып жатқанда бас оқу ғимаратындағы жеделсатының жөндеуден өтіп, пайдалануға берілгені жөнінде жылы хабар келіп жетті.***

**Б. СЕРДӘЛІ**

## СӘБИЛЕР ЕШҚАШАН ЖЫЛАМАСЫН...

Жақында ғана болған Кемеровадағы оқиға мені бей-жай қалдырмады. Алғашқыда ғаламтордан көргенде ештеңе түсінбей, оқиғаға мән бермеген едім. Күнделікті болып жатқан «Тілсіз жаудың» бірі деп ойладым. Кейін жаңалықтардан, барлық ғаламтор желілерінен көрген ақпараттарым мені үнсіз қалдырмады. Балалардың өлімін естігінде жүрегімнің бір тамырын болсын жұлып алғандай болды. Неге әрдайым басқа адамдардың қателігі үшін сәбилердің жазықсыз өмірі қиылатынын түсінер емеспін?! Біздің елімізде болмасада, барлығымыз ет пен сүйектен жаратылған пендеміз ғой. Қалайша мұндай жағдайға көз жұмып қарап отыра аламыз. Олардың ата-аналарына берген көмек жүрегіндегі жазылмас қайғыны емдеп бере ала ма? Жан тәнімен Раббысынан жалбарынып сұрап алған жанының бір бөлігі осылай жазықсыз кете бере ме? Бұған қарап отыру, қолыңнан ештеңе келмей шарасыз күйде отырудан қиын жағдай жоқ екен. Жазықсыз сәбилер Ирак, Сирия, Иран, Иракта өлуде. Бұл жақта болған бала өміріне кім кінәлі? Кешегі Кемеровадағы ше? Сансыз сұрақтар?! Ешкім ашып айтып жауап бере алмайды. Қандай жағдай болмасын сәбилеріміз ешқашан жыламаса екен. Әлемде соғыс болмасын! Жазықсыз жандар жапа шекпесе екен.

**Аякөз КӨШЕЙ,**
**4-курс студенті**

## ХАЛЫҚ ҚАЛАУЛЫЛАРЫ ОҚУ ОРДАМЫЗҒА КЕЛДІ

**(Соңы.Басы 4-бетте)**

Мысалы, «Білім беру сапасын қамтамасыздандыру тәуелсіз агенттігі» (БСҚА) 2017 жылы жүргізген «Үздік көпсалалы университеттердің ұлттық рейтингі» нәтижесінде университетіміздің 21 ЖОО арасынан 49,31 ұпай жинап 8-орынды иеленгенін, ал АРТА рейтингінде оқу ордамыздың 50 ЖОО арасынан 7-орынды иеленгенін айта кетті. Сондай-ақ ректор У.Әбдібековтің бес жыл бұрын 16-шы орындағы рейтинг кезінде қабылдаған оқу орданың қарқынды даму перспективасын, наукометриялық көрсеткіштеріміздің жоғарылығын, интернационализация, халықаралық академиялық бірлестіктер арасындағы танымалдылықты арттыру бойынша жұмыстарды жетілдіру міндетінің жақсы орындалғанына оң бағаларын берді.

Өз кезегінде, оқытушы-профессорлар, студенттер сауалдар қойып, өтініш-ұсыныстарын айтты. Депутаттар барлық мәселені мұқият тыңдап, ескеретіндерін, Үкіметке жеткізіп, тиісті жұмыстар атқаратындарына сенім білдірді. Депутаттар іс-қимылдың нақты жоспары белгіленген үшінші бастамада: «Жоғары білім алудың қолжетімділігімен сапасын арттырып, студент жастардың жатақханадағы жағдайын жақсарту» мәселесіндегі 2018-2019 оқу жылында тағы 20 мың грант бөлінетінін айтты. Оның ішінде, ұсыныс бойынша біздің оқу ордамызға да жоғары үлес бөліну мәселесін жеткізіп, қамқорлық танытуға қолдауларын білдірді. Кездесу соңында оқу ордамыздың оқытушылары филология кафедрасының доценті Д.Ислам, әлеуметтік ғылымдар факультетінің деканы М.Топлу бірқатар студенттер көкейтесті сұрақтарын қойып, оған халық қалаулылары тиісті жауаптарын берді.

ҚЫСҚА-НҰСҚА

## АҚПАРАТТАР АҒЫНЫ

**ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ.** Мәдениет орталығында «Орталық Азия елдерінің интеграциялық үдерістері: қазіргі ахуалы және болашағы» атты дөңгелек үстел өтті.

Әлеуметтік ғылымдар факультетінің ұйымдастыруымен өткен дөңгелек үстелге «Оңтүстік» индустриалды аймақтардың басқарушы компаниянның бас менеджері Г.Менлибеков, Түркістан қалалық әкімдігінің Кәсіпкерлік және туризм бөлімінің бас маманы А.Садықов, Ғылым және инновация істер жөніндегі проректор, профессор Т.Раимбердиев, Даму және қаржыландыру жөніндегі проректор, доктор М.Эрен, Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Е.Төлегенов, Әлеуметтік ғылымдар факультетінің деканы, профессор М.Топлу, «Халықаралық қатынастар» кафедрасының аға оқытушысы PhD А.Әмірбек, «Экономика және қаржы» кафедрасының аға оқытушысы PhD С.Баймағанбетов және оқытушы-профессорлар мен студенттер қатысты.

**НАУРЫЗ ТОЙЫ.** Университет ұжымы Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесін атап өтті. Университет президенті, профессор У.Әбдібеков, даму және қаржыландыру ісі жөніндегі вице-президент, профессор М.Эрен, Түркістан қаласының әкімі Т.Мұсаев, Түркістан қалалық ақсақалдар алқасының төрағасы Ж.Құлбайымбетов ұжымды мерекемен құттықтап, ыстық тілектерін айтты.

Сондай-ақ басшылар 40-тан аса жемісті еңбек етіп жүрген белсенді оқытушы-профессорларды, қызметкерлерді Алғыс хатпен марапаттады.

***

**ДЕНСАУЛЫҚ.** Медицина факультеті «Адам морфологиясы және физиологиясы» кафедрасы, «Medical Tocens» студенттер ұйымының ұйымдастыруымен 7 сәуір – Дүниежүзілік денсаулық күніне орай іс-шара өткізілді.

Жиын барысында Медицина факультетінің деканы, профессор С.Тұртабаев, «Адам морфологиясы және физиологиясы» кафедрасының меңгерушісі Б.Бегалиев сөз сөйлеп, болашақ дәрігерлердің игі жұмыстарына ризашылықтарын білдірді.

***

**СЕМИНАР.** «Экономика және қаржы» кафедрасының PhD аға оқытушысы С.Баймағанбетов «Ғылыми зерттеулерде экономикалық айнымалардың қысқа мерзімдегі әсерін эмпирикалық талдау: Eviws пакет бағдарлама көмегімен талдау» атты тақырыпта ғылыми семинар өтті.

***

**ЖАЙДАРМАН.** «Продюсерлік орталықтың» және Жастар орталығының ұйымдастыруымен «Ел ордасы— Астанаға 20 жыл» атты тақырыпта КТК жартылай финал сайысы өтті.

Ясауи университеті
УНИВЕРСИТЕТ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ҮНІ
Газет 1995 жылдан шыға бастады
Меншік иесі: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Редакция мекенжайы: 161200, ОҚО, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов, 29
Тел: 8 (72533) 6-38-13 (1020)
e-mail a.yassaui@mail.ru

**Қоғаммен байланыс бөлімі:**
Бекжігіт СЕРДӘЛІ
aksari@mail.ru

**Шығарушы редактор:**
Жанар БЕЙСЕНБАЕВА
zhanar.beis_88@mail.ru

**Дизайнер:**
Асқат КЕҢЕС
turantulga@gmail.com

**Тілшілер:**
Эльмира АРТЫҚБАЕВА
elmira_artykbaeva@mail.ru

Ғалымжан ТӘЖІБАЕВ
galimcan@mail.ru

Жадыра Қожахмет
jadira.01.92@mail.ru

**Фототілші:**
Елнұр СЕРДӘЛІ
eserdali@mail.ru

Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және кері қайтарылмайды. Редакцияға жолданған хаттар 1,5 машинкалық беттен аспауы тиіс. Автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді. Кейбір суреттер интернеттен алынды.

**Газетті есепке қою туралы**
№11180-Г куәлікті 2010 жылғы 4 қазанда Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігі берген

«M-PRESS» ЖШС баспа үйінде басылды Шымкент қаласы, Байтұрсынов, 18

Таралымы: 1000 дана

Тапсырыс нөмірі:

*ЖӘРМЕҢКЕ

## ЖАС МАМАНДАР ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛМАҚ

**Жуырда Ғылыми кітапханада «Жұмысқа орналастыру орталығының» ұйымдастыруымен университетіміздің бітіруші түлектерін жұмыспен камтамасыз етуге арналған жәрмеңке өткізілді.**

Жәрмеңкеге 80-ге жуық мекеме қатысты. Түркістан қаласы әкімі апаратының ұйымдастыру-инспекторының бөлімінен С. Мырзаев, Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Е. Төлегенов, Әзірет Сұлтан мемлекеттік қорық мұражайының



ғылыми бөлім меңгерушісі Ғ.Искаков,Түркістан қаласы Дарын мектеп-интернатының директоры Қ.Байшенов және тағы басқалары бітіруші түлектермен кездесті.

Шараны оқу әдістемелік ісі жөніндегі вице-президенті Нұрлан Ажиханов сөз сөйлеп ашты. Содан кейін бітіруші біліктілігін жарнамалау, түйіндеме дайындау, бос жұмыс орнына үміткерлерді жұмыс берушінің бағалауы, оның түрлері: тестілеу, сұхбаттасу, іскерлік карьера және оны жоспарлау жолдары атты мастер-класс өтумен жалғастырылды. Сондай-ақ жұмыс беруші мекемелердің презентациялары тыңдалды.

Жәрмеңке барысында білім бағдарламасы аясында түлектердің біліктігіне қойылатын талаптар, аймақтық еңбек нарығындағы басты мәселелер және оның 2017-2018 оқу жылында бітіруші түлектерге бос орындар жәрмеңкесінің жас мамандардың жұмысқа орналасуларына тигізетін әсері, жұмыс берушілерді пәндер бойынша лекция оқуға тарту мүмкіндіктерін қарастыру, жетекші компаниялардың жас мамандарды жұмысқа орналастыруы бойынша тәжірибелері сияқты мәселелері талқыланды.

Жиынға қатысқан жұмыс ұсынушы мамандар өз пікірлерін ортаға салып, түлектерге сәттілік жолдап, жақсы маман иесі атануға тіліктерін білдірді. Бұл жолғы жәрмеңкеде әлеуметтік ғылымдар, гуманитарлық ғылымдар, инженерия, жаратылыстану, филология, өнер факультеті бойынша 59 бағыттағы мамандықтар ұсынылып, таныстырылды. Сонымен қатар орыс тілі мен әдебиеті, акушер-гинеколог, педиатрия, педагог, анестизиолог, реаниматолог, неонатолог, офтомолог, техникалық саласы бойынша мамандықтар қажет екенін тілге тиек етті.

Факультеттерде жұмыс берушілер кеңесінің отырысымен жалғасып, кеңесте білім беру бағдарламалары жұмыс берушілермен талқыланды. Биыл 2018 жылы ХҚТУ-ден 1272-дей оқу ордамыздың түлектері бітіреді деп жоспарланып отыр. Мәселен, олардың ішінде: бакалавр – 580, интернатура – 495, резидентура – 24, магистратура – 85, докторантура – 35. Іс-шарада жас мамандарға құнды мәліметтер, жұмыс іздеген жанға таптырмас дерек көздері айтылды.

Шара соңында қаралған сұрақтар мен мәселелерді қорытындылай келе, ұсыныстар жобасы жасалды.

**Жадыра ҚОЖАХМЕТ**

## ХАЛЫҚ ҚАЛАУЛЫЛАРЫ ОҚУ ОРДАМЫЗҒА КЕЛДІ

**Оңтүстік Қазақстан облысынан сайланған ҚР Парламенті Сенатының депутаты Әли Бектаев және ҚР Парламент мәжілісінің депутаты Нұрлан Дулатбеков ҚР Президенті Н.Назарбаевтың бес әлеуметтік бастамасы атты халыққа Үндеуін талқылау мақсатында қаламызға арнайы ат басын бұрып, университет ұжымымен кездесті. Басқосуды университетіміздің ректоры У.Әбдібеков ашып, жүргізіп отырды.**

Кездесу барысында Елбасымыздың биылғы халыққа арнаған бес әлеуметтік бастамасын жүзеге асыру, оны еліміздің түкпір-түкпірінде насихаттау жұмыстары баста назарға алынды. Сондай-ақ Түркістан қаласының әкімі Т.Мұсаев қаланың жетістіктері, жоспарлары туралы баяндады.

Елбасының елдің игілігіне арналған оптимистік жобасын түсіндіріп, әлеуметтік бастамалардың маңызына тоқталған депутаттар үлкен мәселелерді, оқу ордамыздың жетістіктерін айтты.

**(Басы. Соңы 8-бетте)**





**Профессор Талжан Раимбердиев:**

# «ЖАСТАРДЫҢ ҒЫЛЫММЕН АЙНАЛЫСУЫНА ЖАҒДАЙ КЕРЕК»



**Университеттің қалыптасуы мен дамуына елеулі үлес қосып жүрген техника ғылымдарының докторы, профессор Т.Раимбердиев асқаралы 60 жасқа толып отыр. 2007 жылы «Түркістан қаласының Құрметті азаматы» атанған Талжан Пердешұлы Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Алғыс хатымен» бірнеше рет марапатталған. Сондай-ақ Днепродзержинск мемлекеттік техникалық университетінің «Құрметті профессоры» атанған ол, әр жылдары ҰИА-ның «Ө.Жолдасбековтің 75 жылдығы», БжҒМ-нің «Білім беру ісінің құрметті қызметкері», Ресей Жаратылыстану академиясының «Білім және ғылымға еңбегі сіңген қайраткері», «Қазақ хандығының 550 жылдығы», «Оңтүстік Қазақстан облысына еңбек сіңіргені үшін» төсбелгілерін иеленді. Ғылыми және инновациялық істер жөніндегі проректор Талжан Пердешұлымен сұхбаттасқан едік. Назарларыңызға ұсынғанды жөн көрдік.**

— **Талжан Пердешұлы, мерейтой құтты болсын!**

— Өз басым туған күн тойлағанды аса ұнатпаймын. Жасым алпысқа келсе де көңілім қырық жастағыдай. Әлі де болса шамам келгенше ғылымның дамуына өзіндік үлесімді қосқым келеді.

— **Жоғары оқу орнының негізгі мақсаты – терең білімді, іс-тәжірибені жүзеге асыруға қабілетті білікті маман даярлау. Осы орайда өткенге шолу жасасақ, қырық жылдан астам уақыт білім-ғылым саласында еңбек етіп келеді екенсіз...**

— Жоғары оқу орнының негізгі салалары оқу, ғылым, тәрбие салалары болып табылады.Барлық сала жаңа инновациялық ойлармен дамып отырмаса, онда оқу орны тоқырап қалады. Бәсекеге қабілетті оқу орнына айналу мүмкіндігі шектеледі. Кеңес Одағында тұрақты түрде идеология, стандарт болды. Ғылымда инновациялық бағыттар дамып жатты. Нарықтық жүйеге көшкеннен кейін, жоғары оқу орындарының саны көбейді. Жеке меншік оқу орындары пайда болды. Мемлекеттік оқу орындарында мамандықтардың саны өсті. Бұрындары заңгер мамандығы ҚазГУ мен ҚарМУ-да ғана дайындалатын. Технология мен өндіріс қарыштап дамыған заманда инженерия, жаратылыстану бағытындағы мамандықтарға аса мән берілуде. Елбасымыздың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауында да осы мәселені айқындап көрсетті. Осы бағытта жұмыстар жасауымыз керек.

2004 жылы алғаш Түркістанға келген кезімде Тәрбие және оқу әдістеме бағытында вице-президент болдым. Тәрбие саласында біршама жұмыстар атқардым, инновациялық идеялар алып келдім деп ойлаймын. Сол кезде біздің университетте тәрбие саласындағы жасалған жұмыстар, тың ойлар мен нақты істер Қазақстанның басқа оқу орындарында болған жоқ. Университеттің Шымкент филиалындағы «Бәйтерек» жастар қоғамдық бірлестігі, Түркістандағы Бекзат Саттарханов атындағы «Намыс» жастар қоғамдық бірлестігі жастардың патриоттық сезімін оятып, тәрбиелеуде ерекше рөл атқарды. Оңтүстік жастарына ерекше бір серпіліс бергендей болды. Сол кездегі студент жастарымыз қазіргі таңда еліміздің түкпір-түкпірінде қызмет атқаруда. Менің байлығым да, мақтанышым да жастар! Шәкірттерім әлі күнге дейін хабарласып тұрады.

2002-2004 жылдар аралығында Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ Шымкент филиалының оқу-әдістемелік, ғылым және тәрбие ісі салалары бойынша проректоры, 2004-2006 жылдары оқу-әдістеме және тәрбие жұмыстары жөніндегі вице-президенті, 2006-2007 жылдары осы оқу орнының Түркістан гуманитарлық ғылымдар және бизнес институтының директоры, 2007-2008 жылдары осы университеттің Түркістан Жаратылыстану және медицина институтының директоры қызметтерін атқардым. 2005 жылы Қазақстанның 25 ЖОО-ның бірі ретінде эксперименттік кредиттік оқу жүйесін енгізген болатынбыз. Оқу-әдістемелік бағыт бойынша 2004-2005 жылдары Сапа менеджменті жүйесін ендіруге ықпал жасап, 2005-2007 жылдары Қазақстанда алғашқылардың бірі болып қашықтықтан білім беру жүйесінің Европалық моделін (ТурТЕП бағдарламасы) дайындауда және енгізуге үлес қостым. 2005-2007 жылдары ЖОО-ның оқытудың кредиттік технологиясы жүйесіне өту жағдайында университет деңгейінде осы жүйеге көшуге тікелей жетекшілік жасадым. Факультет декандары, кафедра меңгерушілері мен оқытушылармен бірге мобильді түрде үлкен жұмыстар жасалды. Кредиттік технологияға өтуге байланысты, силлабустар, пән кешендерін дайындау керек болды. Әлі есімде, сол кездегі шаруашылық ісі жөніндегі вице-президент Еділбаевтың: «Баспахананың бір бөлмесі силлабустарға толып кетті, алып кетсеңіздер»—деген ұсынысы келді. Сол кезеңдерде жан-жақты қолдау білдіріп, жұмылған жұдырықтай бірлесіп жұмыс жасаған оқытушы-профессорлар құрамына үлкен алғыс айтқым келеді. Ынта-жігермен жаңа жүйені игеруге көшті. Оның нәтижесін қазіргі таңда көріп жатырмыз.

Жұмыс барысында түсінбестік те болады. Кредиттік технологияны түсінбей Ұлттық қауіпсіздік комитетіне ата-аналар тарапынан арыз-шағым түсуіне байланысты, қаржы полициясы бізді тексеруге келді. Жаңа жүйе бойынша білімгер пәнді игере алмаса, қайта тапсыру үшін кредит санына байланысты ақы төлеуі тиіс. Барлығы да заң жүзінде жасалғандықтан, шындық біздің жақта болды. Мұндайда «Аққа құдай жақ»— демей ме ?! Компьютерлік матрицалық жүйені ойлап тауып, патиент алдық. Бұл емтихан сынақтарын әділ бағалауға септігін тигізеді. Білімгерлер шынайы бағасын алады. 2008 жылдан бүгінгі күнге дейін университетте Ғылыми және инновациялық істер жөніндегі вице-президенті қызметтерін атқарып келемін.

— **Білім сапасын халықаралық талаптарға сәйкестендіру мен әлемнің жетекші университеттері қатарына қосылу мақсатында қандай жұмыстар атқарылып жатыр? Оқу ордамыздың ғылым саласында қандай жаңалықтары бар?**

— Мен университеттің ғылым саласына қызметке келген кезде есептер жинақталған папкалар да болмаған еді. Жоспарлар мен есептерді басынан бастауға тура келді. Қазіргі таңда ғылымды тәп-тәуір деңгейге жеткіздік деуге болады. 2008 жылдары гранттар саны өте төмен болатын. Бұл бағытта мемлекеттік Білім және ғылым министрлігінің жариялаған конкурстарында шалғай аймақтағы оқу орындарының бәрі қалдық принциппен қаржыландырылды. Оның үстіне біздің ғалымдарымыздың ынталандыру механизмдері әлсіз жұмыс жасады. Ғалымдарымыздың ғылымға деген бетбұрысын оңтайландыру үшін мотивациялық мәселелерді көтеріп көптеген жұмыстар жасадық. Бізде экономика, педагогика, медицина салаларында ғылыми кеңестер жұмыс жасады. Стратегиялық жұмыстардың жоспарлары әлсіз болды. 2010 жылы Ғылыми кеңестер жабылды. Университетте ғалымдардың ғылымға бетбұрыс жасау мәселесі жаңарды. Жаңа форматтағы ғалымдарды дайындау, импакт фактор журналдарында мақала жариялау мәселелері жолға қойылды. Алғашқы кезде ғалымдар тарапынан: «Импакт факторлы журналда мақала жариялап керегі не?» — деген пікірлер де болды. Көпшілігіміз ол жүйені түсінбедік. Ол кездер өтпелі кезең еді. Бұл бағытта көптеген семинарлар, дөңгелек үстелдер ұйымдастырылды. Жаңа бағыт бойынша қыруар жұмыстар атқарған университет ғалымдарына үлкен алғыс айтқым келеді. Жас ғалымдарға ғылым шыңына жетелейтін ынта-жігер мен шығармашылық табыс тілеймін. Біздің ғылыми көрсеткішіміз соңғы бес жылда ерекше серпіліс берді. Бұны есептерден көруге болады. Шымкенттегі М.Әуезов атындағы ОҚМУ-да 1600-ге жуық ОПҚ бар. ОПҚ саны бізден әлдеқайда көп болғанымен, импакт факторлы мақала жариялау деңгейі бізден төмен. Бізде 100-ден асса, оларда — 81. Оларда техникалық мамандықтардың басым болуы, материалдық базасы бұрынғы қазақ химия технология институтының базасының негізінде болғандықтан мемлекеттен алатын гранттық қаржылары әлдеқайда жоғары. Соған қарамастан, біздің университеттің, Өкілетті кеңестің басшылары стратегияны жоспарлы айқындаудың арқасында биік межеге жетіп отырмыз. Осыдан 5 жыл бұрын ректор Уәлихан Сейділлаұлы стратегиялық жоспарды бекітіп: «Гранттық қаржыландыруды 500 миллионға жеткізуіміз керек» — дегенде мен үшін бұл ертегідегідей цифрлар болып көрінген. Ішімнен мүмкін емес деп ойладым. Қазіргі таңда алға қойған межеге жетіп, жоспарды артығымен орындап отырмыз. Түркия гранттары, ғылыми-зерттеулерге бағдарламалық-мақсаттық және гранттық қаржыландыру үшін 561 миллион қаражат бөлінуде. Басшылардың қолдауы негізінде әлемде танымал ғылыми журналдарда импакт факторлы мақала жариялаған ғалымдарға 500 доллар көлемінде сыйақы берілді. Ғалымдарымыз ғылыми бағытын айқындады.

— **Жуырда ғылым және инновация департаментінің ұйытқы болуымен барлық факультеттерде ғылыми семинарлар өткізілді. Ондағы мақсат қандай?**

— Университеттің барлық факультеттерінде ғылыми семинарлар өткіздік. Семинарды өткізудің басты мақсаты — ол ғалымдарымыздың ғылыми әлеуетінің ғылымдағы және бәсекелестік ортадағы мүмкіндіктеріне сараптама жасау арқылы сапаға әсер етуші индикативті көрсеткіштерге жол ашу болатын. Ғалымдардың ғылыми-сарапшылық әлеуетін көтеру, ғылыммен айналысуына бағыт-бағдар беріп, ықпал жасау болып табылады. Бұл міндеттер өз дәрежесінде жоғары деңгейде орындалды. 259 ғалымды ғылыми семинарда тыңдап, жұмыстарын талдадық. Ғалымдардың ғылыми деңгейін сарапқа салдық. Әйел ғалымдарымыз отбасының анасы, демографиялық жағдайға үлес қосып отырғандықтан мейлінше ғылымды да қатар алып жүру жайы айтылды. Ғылымға бетбұрыс жасауға да уақыт табу керектігі ескертілді. Жас ғалымдар ғылыми ақпарат алмасып, ғылыми белсенділігін арттырды. Ғылыми материалды тереңдей зерттеу тәсілдерімен танысты. Егер біз кітаптағы ондаған жылдар бұрынғы ғылыми негіздерге сүйеніп, білімгерлерге дәріс өтер болсақ, маман ретінде жан-жақты заманауи талапқа сай бола алмайды. Сондықтан да ғылымдағы соңғы инновациялық білімді үйретуіміз керек. Семинар барысында осы мәселелер басты назарға алынды. Ғалымдарымыздың ішінде таңғалдырып, зор жетістікке жеткен ғалымдарымыз да бар. Өкінішке орай ғылымда өзіндік орны бар ғалымдарымыз зейнет жасынан асып кеткен. Әсіресе медицина саласында. Кафедра, факультеттерде бәсекелестік, сағатқа таласу сынды нәрселер бар. Жас мамандар да жұмыс жасағысы келеді. Нарықтық жүйеде заң жүзінде зейнет жасынан асқан кісілерді зейнеткерлікке шығарып, жұмыс штатын жастарға беруге болады. Менің ойымша, осы жағдайға аса мұқият қарауымыз керек сияқты. Зейнет жасындағы белді ғалымдарымыздан айырылып қалмауымыз керек. Олар қаншама жылдар бойы инемен құдық қазғандай ғылым жолында аянбай еңбек етті. Мол тәжірибесі бар. Жас буыны қатпаған, тәжірибесіз PhD докторларымыз әзірше аға буын ғалымдарымыздың орнын баса алмайды. Бұны кешегі өткен семинарлардан байқадық. Сондықтан осы жағдайды ескеруіміз керек. Сапалы білім болуы үшін аға буын ғалымдарымызға материалдық базаларды ашып беруге мүмкіндік болмай тұр. Бұл жағдайда басқа мүмкіндіктерді де қарастыру керек. Түркияның, Ресейдің және еліміздің басқа ЖОО-ның ғылыми әлеуетін пайдалану, біріккен жобаларды шетелдік ғалымдармен бірлесіп жасауға болады. Семинар барысында медицина факультетіндегі Совет Ажаев ағамыздың еңбегін ерекше атап өткім келеді. Генетика саласындағы тұңғыш отандық ғалым ретінде қазақ тілінде оқулықтар жазған. Бұл дегеніңіз, қаншама жастарға рухани азық болары анық. Жас ғалымдар арасында да Түркияда білім алып келген археология, медицина, экономика, менеджмент салаларындағы PhD докторларымызды айтуға болады. Біз жастардың ғылыммен айналысуына жағдай жасауымыз керек. Мен үшін бұл үлкен инновация болды. Елбасы Н.Назарбаев Жолдауында «Білім беру бағдарламаларының негізгі басымдығы өзгерістерге үнемі бейім болу және жаңа білімді меңгеру қабілетін дамыту болуға тиіс» деген болатын. Ғылымға деген бетбұрыс көңіл қуантады. Университетте дайындалған докторантура, магистратура бағдарламалары бойынша да білімді PhD докторларымыз шығып жатыр. Өкінішке орай, сапасы төмендеуі басым. Себебі, физика, математика, қазақ тілі мен әдебиеті, тарих бағыттарында докторантура лицензиялары педагогикалық болып кеткен. Бұл болашақта классикалық бағыттағы ғылымымыздан айырылу қаупін төндірері сөзсіз. Біз педагогикалық бағыттағы оқу орны емеспіз, көпсалалы Халықаралық университетпіз. Біздің докторанттар классикалық ғылым бағытын дамыту керек. Әр сала базалық білімі бойынша өз саласының ғылымын дамыту керек. Ертеректе стратегия дұрыс жасалмағандықтан осындай келеңсіз оқиғалар болып отыр. Қазірден бастап бағдарламаларын ғылыми бағытқа өзгертпесек болмайды. Бұл мәселеге өзгеріс жасау жайында ылғи да айтылып келеді. Классикалық ғылымның шифрын өзгерту туралы арнайы Сенаттың да шешімі бар. Ол талаптарды орындау үшін тиісті лабораториялар мен материалдық база болуы керек. Сонымен қатар, ғылыми семинардың мұндай форматы — инновация, елімізде тұңғыш біздің оқу ордамызда орын алғанын ерекше мақтанышпен айта аламын. Неге, десеңіз? Бес саусақ бірдей емес, сол сияқты ғалымдар да бірдей емес.

Несін жасырамыз талантты жастардың басым бөлігі ғылым жолын таңдаудан бизнес жолын таңдауға бетбұрыс жасауы әсерінен, ғылымдағы бәсекелестіктің төмендеуінен ғылымға орта буын ғалымдар келу жағдайы бүгінгі қоғамдағы заңдылыққа айналды. Бүгінгі таңда олардың алды құрылымдық деңгейдегі басшылықтарда да болу ықтималдығы жоқ деп айта алмаймыз. Бүгінгі қоғамдағы үлкен мәселе ол – кадрлардың «дұрыс» немесе «дұрыс емес» болу жағдайы және карьералық сатының жоғарылау деңгейлеріндегі пайыздық басымдық «дұрыс емес» кадрларға тиесілі екендігін Ресей ғалымдары зерттеулеріне сәйкес айтып та жүр. Міне, ғылым мен білім ордаларындағы осы екі топты айқындаушы бірден-бір құрал ол ғылыми семинар болып табылатынына ешкім күмән келтіре алмайтыны анық. Яғни ғылым алаңы – ақиқат алаңы, сондықтан ғылымға тура жолмен келгендермен төте жолын тауып келгендердің ақиқатын анықтау арқылы сапаға инновациялық білімге жол ашу деп түсіну керек.

— **Жуырда «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған мақалаңызда «Демократиялық қоғам құрудың басты құндылығының бірі онда өмір сүріп жатқан адамдарды заң талаптары шеңберіндегі сана еркіндігіне тәрбиелеуден басталады» -деген едіңіз. Осы жайында айта кетсеңіз?**

— Еліміздің енсесі көтеріліп, әлем мемлекеттері мойындап жатыр. Жуырда Елбасымыз Н.Назарбаевтың АҚШ-қа сапары кезінде алып мемлекеттің Президенті жанында көсіліп сөйледі. Қоғам өзгерген сайын адамның санасы да өзгереді. Жиырма жыл бұрынғы санамыздан қазіргі таңда көп өзгердік. Сананың даму заңды құрметтеу арқылы даму керек. Заңға бағынуымыз керек. Мұнда терең зерттеу алаңы жатыр, мысалы Ресей ғалымдарының осы бағыттағы зерттеулерінің бірінде «демократиялық – нарықтық қоғамға бой түзеген ТМД мемлекеттеріндегі бір заңдылықтың бар екендігіне тоқталған – ол осы қоғамның барлық салаларында ар-ожданы бар азаматтардың алдыңғы шепте аз болуы заңдылық және болашақта сана өзгере отырып олар басымдыққа ие болады» дегендері бар. Осы орайдағы, ата-бабаларымыз айтқандай, «Елу жылда ел жаңарады» емес пе?! Сондықтан менің жоғарыдағы ғылымдағы ОПҚ-ның да осы заңдылыққа сәйкес болуы, яғни дұрыс ОПҚ-ны таңдаудың кілті – ол ғылыми семинар екендігі сөзсіз.

— **Бекзат Саттарханов атындағы «Намыс» жастар қоғамдық бірлестігінің төрағасы ретінде бірқатар іс-шаралар ұйымдастырып, белсенді студенттермен жұмыстар атқарған едіңіз. Қазіргі таңда аталмыш бірлестік жұмыс атқара ма?**

— Иә, оның рас бірлестік 2005-2017 жылдар аралығында жұмыс жасады. Осы жылдар аралығында аталмыш бірлестіктің төрағасы ретінде жұмыстар атқардық. Қазір құрметті төрағасымын. 2017 жылдан бастап «Намыс» жастар қоғамдық бірлестігінің төрағасы Түркістан гуманитарлық педагогикалық колледжінің директоры Айдос Аппазовқа өткіздім. Өзіміздің университетіміздің түлегі, шәкіртім десе де жарасады, жалындаған жас ғалымдардың бірі. Айдосқа үлкен сенім артып, төрағалықты тапсырдым. Әлі де жақсы байланыстамыз.

— **Студент шағыңызға оралсақ, ұстазыңыз ретінде кімді ерекше құрмет тұтасыз?**

— Мектеп қабырғасында математика пәнінің мұғалімі Марин Оңалтай ағайымды, химия пәнінің мұғалімі Қоңыржан Талқанбаева апайымды ерекше құрметпен еске аламын. Ол кісілер біліммен қатар адам болуға шақырып, адамгершілікке, әділдікке баулыды. Бізге бағыт-бағдар сілтеп, дұрыс жол көрсетіп отырды. Марин ағайдың ұлы екеуміз бір сыныпта оқыдық. Екеуміз де алтын белгіге үміткерміз. Өзім әкемнен алты жасымда айырылғанмын. Сол кездің өзінде сыбайлас жемқорлықтың аз да болса ұшқыны болған екен. Мектептің директоры менің анама: «Алтын медаль тегін болмайды. Оның құны бір сиыр» деген екен. Оны естіген мен анама тоқтау салдым., Марин ағай /мектептің завучы/ Талжан алтын медаль алмаса, онда менің балам да алмайды деп, ұсыныс айтқаны. Иә солай болды да, медальдан бас тартты. Міне, сондай жандардың шәкірті болдым. Осы кісілерді мақтан етемін.

Мектеп бітіріп, студент атандым. Шымкенттегі Қазақ химия-технология институтына оқуға түстім. Институтта факультет деканы, профессор В.Порошиннің жетекшілігімен дипломдық жұмысымды ойдағыдай қорғап шықтым. Декан В.Порошин Шымкент қаласындағы ҚазХТИ-дың «Материалдар кедергісі» кафедрасына оқытушы ретінде қалуға ұсыныс жасады. Сондағы анамның сұрағы: «Балам сені институтта қал деп жатқан орыс па, әлде қазақ па?» дегені, мен орыс кісі айтуда дедім. Сонда «Құдай бар екен ғой балам, қазақ туысқаншыл келеді» дегені. Мен анаммен ақылдаса келе, институтта қалуға келістім. Осылайша еңбек жолымды 1981 жылы ЖОО-ның оқытушысы ретінде бастадым. В.Порошиннің жол көрсетуімен 1985-1988 жылдары М.Калинин атындағы Ленинград политехникалық институтының күндізгі бөлім аспиранты атандым. Ғылыми жетекшімді де Павлов Петр Аркадьевичті ерекше құрметпен есіме аламын. Қазақ ұлттық университетін көп жылдар бойы басқарған ҰҒА академигі Өмірбек Жолдасбековтің есімі мен үшін ерекше. Докторлық диссертациямды сол кісінің жетекшілігімен қорғап едім. Ақыл-парасатына сай қайсарлығы да басым ұлы ұстаздың мектебінен өткеніме өзім дән ризамын. Білім, ғылым саласындағы ұстаздарым менің бағыма жолықты десем болады.

— **Университет студенттеріне айтар тілегіңіз?**

— Әр отбасының үкілеп өсіріп отырған ұл-қыздары біздің университетімізде білім нәрімен сусындап жүр. Оқытушылардың беріп жатқан білімі ғылым-білім жолына кіріспе ғана деп түсіну керек. Өздері жеке білім әлеміне өз ынтасымен кіру керек. Ізденіс арқылы білімдерін шыңдай түссе, алынбайтын қамал жоқ. Лекция кезінде оқытушының айтқан мәліметімен шектелуге болмайды. Кредиттік технология бойынша студент алдын-ала лекция жинағын оқып, сабаққа дайындалып келуі керек. Ақпараттық технологияның дамыған заманда студенттерге барлық мүмкіндіктер қарастырылған. Алтындай уақыттарын орнымен пайдаланса деген ұсыныс тілегім бар. Барлық студенттерді өзімнің ұл-қызымдай көремін. Студенттерімізге ата-аналарының үмітін ақтап, білімнің төрінде болуды тілеймін. Іссапармен Ұлыбританияға барған кезімде 86 жастағы доктарантты кездестірдім. Міне, әрқашан да ізденісте болу деген осы. Тоқырауға болмайды.

—**Әңгімеңізге рақмет!**

**Сұхбаттасқан: Жанар БЕЙСЕНБАЕВА**